

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2021 жылғы 31 наурыздағы № ДС- 115

Құрметті депутаттар!

Саяси қуғын – сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның (бұдан әрі – Мемлекеттік комиссия) қызметіне қатысты Сіздердің депутаттық сауалдарыңызға мынаны хабарлаймыз.

Академик Хангелді Әбжанов пен профессор Ғарифолла Әнестің ашаршылық құрбандарын тізімдеу бойынша жұмыстарына қолдау көрсету мақсатында аталған ғалымдармен әңгімелесу жүргізілді, әңгіме барысында көтерілген мәселелерді Мемлекеттік комиссияның отырысына шығару туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Бұл ретте Хангелді Әбжанов пен Ғарифолла Әнес Мемлекеттік комиссияның мүшесі екенін және оның отырыстарында сөз сөйлеп, ұсыныстар айтуға мүмкіндігі бар екенін ескеру қажет.

Алашорда қайраткерлерін саяси ақтау, оның ішінде Алаш әскері бөлімдерінің құрамында соғысқа қатысқан және қаза тапқандардың тізімін әзірлеу жұмыстары Мемлекеттік комиссияның 9-шы жұмыс тобы аясында қарастырылады. Бұл жұмыс тобы бүгінгі күнге дейін осы мәселе бойынша 7 семинар, 4 дөңгелек үстел өткізді. Мемлекеттік комиссияның 2-ші отырысының қорытындысы бойынша Мемлекеттік комиссияның мүшесі, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Б.Әбдіғалиұлы саяси қуғын-сүргіндер жөніндегі жабық архив қорларын жан-жақты зерделеу және оларды кезең-кезеңімен құпиясыздандыру жөніндегі Кіші комиссияның басшысы болып бекітілді.

1916-1930 жылдары мемлекеттің жазалаушы акциялары нәтижесінде Қазақстаннан көшуге мәжбүр болған қазақстандық босқындарды ақтау бойынша жұмыстар Мемлекеттік комиссияның 6-шы жұмыс тобы аясында жүргізілуде. Бүгінгі таңда осы топтың ғалымдары талдау ақпаратын жинау және жүйелеу, сондай-ақ іздестіру және зерттеу бойынша жұмыстарды жүргізуде.

Мемлекеттік комиссия жұмысы барысында саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтауға қажетті ақпаратты әртүрлі дереккөздерден, оның ішінде жекелеген адамдардың естеліктерінен жинақтау қарастырылған.

Осы орайда халықты Мемлекеттік комиссияның жұмыс барысымен, атап айтқанда, барлық 11 жұмыс тобының қызметімен таныстыру, сондай-ақ туыстарын іздеу, тұрақты кері байланысты ұйымдастыру үшін ресми сайтты әзірлеу жұмыстары басталды.

Сонымен қатар, Мемлекеттік комиссияның жұмысы аясында Мәдениет және спорт министрлігінің Ұлттық мұрағат және Орталық мемлекеттік мұрағат базасында саяси қуғын-сүргін мәселелері жөніндегі мұрағат материалдарының қорын құруы көзделген. Қорда ақталмаған саяси қуғын-сүргін құрбандарының дерекқоры қалыптастырылады.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алып, тағзым етуге арналған шерулер өткізу бастамасына қатысты елімізде шерулер өткізу тәртібі «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» заңында нақты реттелгенін хабарлаймыз.

Жалпы бүгінгі таңда мемлекеттік комиссияның 2 отырысы өткізілді. Әдіснама жөніндегі кіші комиссияның және мұрағат көздері мен басқа да материалдарды жинау, зерделеу, Мемлекеттік комиссия қорытындыларын дайындау жөніндегі 11 жұмыс топтары қызмет етуде. Әдіснама жөніндегі кіші комиссияның құрамына (9 адам) және 11 жұмыс топтарына (57 адам) ҚР ҰҒА академиктері, жетекші ҒЗИ және ЖОО ғалымдары енгізілді.

Барлық облыстарда және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында әкімдер орынбасарларының басшылығымен мәслихат депутаттарының, ғалымдардың, өлкетанушылардың, қоғам өкілдерінің, құқық қорғаушылар мен тарихшылардың қатысуымен саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелері жөніндегі 17 өңірлік комиссия құрылды.

Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысында 21 адамнан тұратын комиссия құрамы бекітілді, 3 жұмыс тобы құрылды, жұмыс жоспары бекітілді. «Ақталмаған саяси қуғын-сүргін құрбандарын анықтау» телеграмм-арнасы іске қосылып облыс тұрғындарынан 1920-1950 жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған, бірақ қазіргі уақытқа дейін ақталмаған азаматтар туралы мәліметтер жинау жүргізілуде. Қазірдің өзінде ақталмаған, «58-бап» бойынша сотталған 10 адам туралы дерек жинақталды. Облыстық полиция департаменті 417 ақталмаған адамның атын анықтады. Өңірлік мұражайда саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған үлкен залдың ашылуына дайындық жүріп жатыр.

Мемлекеттік комиссия жұмысының әдіснамасы және өңірлік комиссияларға арналған нұсқаулық дайындалды. ҚР Жоғарғы Кеңесі Президиумы жанындағы комиссияның (1992 ж.) және Білім және ғылым министрлігінің жанындағы арнайы Жұмыс тобының (2020 ж.) қорытындылары бойынша мемлекеттік комиссия мүшелерінің қызмет бабында пайдалануы үшін брошюра шығарылып таратылды.

«Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» АҚ базасында Мемлекеттік комиссияның қызметін сүйемелдеу бойынша жобалық кеңсе жұмыс істейді. Кеңсенің құрамына мемлекеттік органдардың өкілдері және ғылыми мамандар жұмылдырылған.

Жалпы, Мемлекеттік комиссияның жұмысы жалғасуда және оның қызметін ұйымдастыру мәселелері Үкіметтің ерекше бақылауында.

Е. Тоғжанов